Мың жасаған шаһардың шамшырағы

ALMATY AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №105 (6783) 10 қараша, сейсенбі, 2026 жыл | www.aqshamnews.kz

12+

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ



САЙЛАУШЫЛАР СЕНІМІ – БАСТЫ ЖЕҢІС

2-БЕТ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:

@AQSHAMY_KZ

@AQSHAM_NEWS

9 772223 237006



МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Шаһар басшысы қысқы маусымға дайындық пен құрылыс жұмыстарына бақылауды күшейтуді тапсырды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды кеңейтілген аппараттық кеңесте қаланың қысқы маусымға дайындығын пысықтап, коммуналдық қызметтің жұмысын күшейтуді тапсырды. Жиында сондай-ақ, құрылыс жұмыстарының сапасы, жолды қалпына келтіру, медициналық қызмет көрсету және су басудың алдын алу мәселелері қаралды.

Жиында тұрғындардың денсаулық сақтау саласына қатысты шағымдарына ерекше назар аударылды. Қала басшысы медициналық қызмет сапасына байланысты өтініштерді жан-жақты әрі объективті талдауды тапсырды. Бұл ретте мемлекеттік медициналық мекемелерге, жекеменшік клиникалар мен стоматологиялық ұйымдарға қатысты шағымдарды жеке қарастыру қажеттігін атап өтті.

Кеңес барысында Алматыда медициналық көмекке жүгінетін науқастардың шамамен, 34%-ы Алматы облысының тұрғындары екені айтылды. Осыған байланысты тиісті басқармаға медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, аурулардың алдын алу және халықты вакцинациялау жұмыстарын жалғастыру міндеті жүктелді.

Қаланың санитарлық жағдайы да назардан тыс қалмады. Жауапты мамандардың мәліметінше, арық жүйесіндегі 129 проблемалық учаскенің 125-і ретке келтірілген. Қалған төрт учаскеде жұмыстар жалғасып жатыр. Дархан Сатыбалды су басу мәселесін кешенді түрде шешу қажеттігін айтып, жаңбыр суын жинауға және бұруға арналған арнайы резервуарлар салу мәселесіне назар аударды.

Қысқы маусымға дайындық аясында мердігер ұйымдар 115 арнайы техника, ал «Алматы Тазалық» коммуналдық кәсіпорны 200 техника сатып алған. Көктайғаққа қарсы қолданылатын материалдардың қоры толық жасақталған.

Жауын-шашын кезінде қалада жалпы саны 1579 адамнан тұратын 85 жедел бригада кезекшілік атқарады. Олардың қарамағында 415 техника, 97 мотопомпа және 5 мыңға жуық құм салынған қап болады. Қажет жағдайда коммуналдық кәсіпорындар, мердігер ұйымдар, қалалық құтқару қызметі мен Төтенше жағдайлар департаментінің күштері жұмылдырылады.

Сонымен қатар, кеңесте Алматы аудандарындағы құрылыс-монтаж жұмыстарының барысы қаралды. Қала әкімі жұмыстың белгіленген мерзімде әрі сапалы орындалуын қатаң бақылауға алуды талап етті.

Дархан Сатыбалды жер қазу жұмыстары жүргізілген аумақтардағы жол жабындары мен аула аумақтарын биылғы 30 қарашаға дейін толық қалпына келтіруді тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САРАП–ТІМЕ

САЙЛАУШЫЛАР СЕНІМІ – БАСТЫ ЖЕҢІС

Мегаполистердегі үміткерлер құрамы қандай?

29 қарашада өтетін мәслихаттар сайлауы саяси жаңғырудың жергілікті деңгейдегі жалғасы ретінде маңызды мәнге ие. Саяси доданың еліміздегі ірі мегаполистердегі үдерісі азаматтардың назарын көбірек аударатыны даусыз. Оқырманға мегаполистердегі партиялардың мүмкіндігі, округтердегі бәсеке, өзін-өзі ұсынғандардың үлесі және үміткерлердің кәсіби құрамын салыстыра көрсетуді жөн көрдік.



Ресми мәліметке сай, Астана, Алматы және Шымкенттен партиялық тізімдер бойынша 278 адам, бірмандатты округтер бойынша 221 үміткер тіркелген. Алайда, үш қаладағы үміткерлер құрамы әртүрлі. Алматыда бірмандатты округтерге бірнеше партия белсенді қатысса, Астанада өзін-өзі ұсынғандардың саны көбірек. Шымкентте партиялық тізімдердің көлемі шағын болғанымен, жергілікті кәсіпкерлер мен білім саласы өкілдерінің үлесі жоғары.

Үш қаладағы үміткерлер құрамы

Партиялық тізімдер бойынша ең көп үміткер Алматыда тіркелген. Жалпы саны – 119 адам. Астанада бұл көрсеткіш – 101, ал Шымкентте – 58. Партия саны жағынан Астана алда. Елордада жеті партия тізім ұсынған. Алматыда алты, ал Шымкентте бес партия сайлауға қатысуда. Жалпыұлттық социал-демократиялық партия үш мегаполистің ішінде тек Астанада тізім ұсынған. Қазақстан Халық партиясы Астана мен Алматыда бар, бірақ Шымкенттегі партиялық сайлауға қатыспайды.

Партия	Астана	Алматы	Шымкент
«Әділет»	34	69	27
Respublica	15	15	9
«Ақ жол»	10	13	10
«Ауыл»	5	4	9
Қазақстан Халық партиясы	14	12	–
«Байтақ»	18	6	3
ЖСДП	5	–	–
Барлығы	**101**	**119**	**58**

Үш қалада да ең үлкен тізімді «Әділет» партиясы ұсынған. Бірақ оның салмағы әр қалада әртүрлі. Алматыда партияның 69 үміткері – барлық партиялық тізімнің 58 пайызы. Шымкентте бұл көрсеткіш – 46,6 пайыз, ал Астанада – 33,7 пайыз.

Демек, партиялық тізімдер арасындағы сандық алшақтық Алматыда анық байқалады. Ал Астанада үміткерлер жеті партияға біршама тең бөлінген. Елордада «Әділеттен» кейін «Байтақ» партиясының (18), Respublica-ның (15) және Қазақстан Халық партиясының (14) үміткері бар. Сондықтан партиялық таңдау тұрғысынан ең жоғары бәсеке Астанада қалыптасқан деуге негіз бар. Шымкентте «Әділеттен» басқа партиялардың тізімі әлдеқайда аз. «Ақ жолда» – 10, «Ауыл» мен Respublica-да 9-дан, ал «Байтақтың» үш үміткері бар. Үш мегаполистің ішінде «Ауыл» партия ең көп тізімді Шымкентте ұсынған.

Бас қаладағы бәсеке

Астана мен Алматыда бірмандатты округтер бойынша 83 үміткерден тіркелген. Бірақ Алматыда 21, Астанада 17 округ бар. Сондықтан бір орынға түсетін орташа үміткер саны елордада жоғары. Шымкентте 16 округке 55 үміткер тіркелген.

Қала	Округ саны	Үміткер саны	Бір орынға орташа бәсеке
Астана	17	83	4,9
Алматы	21	83	4,0
Шымкент	16	55	3,4

Орташа көрсеткіш бойынша ең жоғары бәсеке Астанада. Мұнда бір депутаттық орынға беске жуық үміткерден келеді. Алматыда орта есеппен төрт, Шымкентте үш-төрт адамнан бақ сынайды. Әр округте сайлауға түсушілер саны да әртүрлі. Мысалы, Астананың №8 және №15 округтерінде жеті үміткерден тіркелген. Алматыда ең жоғары бәсеке №21 округте – жеті адам. Шымкентте үміткерлер ең көп тіркелген №10 округте бір орынға бес адам таласады.

Бұдан бөлек, үш қаланың арасындағы ең үлкен айырмашылық өзін-өзі ұсынғандардың үлесінен көрінеді. Астанадағы 83 үміткердің 66-сы өзін-өзі ұсынған. Бұл жалпы тізімнің 79,5 пайызы. «Әділет» партиясы барлық 17 округке бір-бір үміткерден шығарған. Өзге партиялар бірмандатты округтерге ресми түрде үміткер ұсынбаған.

Шымкентте 55 үміткердің 36-сы, яғни 65,5 пайызы өзін-өзі ұсынған. «Әділет» партиясы 16 округтің 15-іне өз өкілін шығарды. «Ақ жол» мен Respublica екі округтен үміткер ұсынған.

Ал Алматыда жағдай өзгеше. Мұндағы 83 үміткердің 31-і (37,3%) өзін-өзі ұсынған. Қалғандарының басым бөлігі партиялардың тікелей ұсынуымен тіркелген. «Әділет» барлық 21 округке, Respublica – 14, «Ақ жол» – 9, Қазақстан Халық партиясы 8 округке үміткер шығарды.

Қала	Өзін–өзі ұсынғандар	Үлесі
Астана	66	79,5%
Шымкент	36	65,5%
Алматы	31	37,3%

Осы тұрғыдан алғанда, Алматыдағы бірмандатты сайлаудың партиялық сипаты басым. Бір округте бірнеше партияның өкілі қатар бәсекеге түседі. Ал Астанадағы негізгі тартыс «Әділет» ұсынған үміткер мен өзін-өзі ұсынғандар арасында өтпек. Шымкентте тепе-теңдік бар.

Шынайы тартыс неден көрінеді?

Үміткерлердің кәсіби құрамын талдайтын болсақ, әр қаланың өзіндік ерекшелігі байқалады. Бірақ үшеуіне ортақ белгі де бар. Кәсіпкерлер мен басшылық қызметтегі азаматтар басым. Алматыдағы партиялық тізімдерде қалалық мекемелер мен коммуналдық кәсіпорындардың басшылары, аудан әкімдері, мектеп директорлары, дәрігерлер, кәсіпкерлер, медиа және спорт саласының өкілі көп.

Астанада орталық мемлекеттік органдарға қатысты ұйымдардың, ұлттық компаниялар мен қалалық коммуналдық мекемелердің өкілі көбірек. Сонымен бірге, кәсіпкерлер, құрылыс саласының басшылары, университет қызметкерлері, дәрігерлер, мұғалімдер және мүлік иелері бірлестіктерінің төрағалары бар. Елордадағы бірмандатты тізімде тұрғын үй мәселелерімен айналысатын азаматтардың көрінуі қаланың жылдам өсуі мен құрылысқа байланысты түйткілдердің саяси күн тәртібіне шыққанын аңғартады.

Шымкентте жеке кәсіпкерлер мен жауапкершілігі шектеулі серіктестік директорларының үлесі жоғары. Білім беру саласы да кең қамтылған. Тізімде университет ректоры мен проректорлары, колледж және мектеп басшылары, мұғалімдер бар. Денсаулық сақтау саласынан аурухана басшылары мен медицина мекемелерінің қызметкерлері ұсынылған.

Кәсіби құрамдағы мұндай айырмашылық сайлау науқанының мазмұнына әсер етуі мүмкін. Астанада құрылыс, тұрғын үй, инженерлік желілер мен көлік мәселелері алға шықса, Алматыда экология, тығыз құрылыс, қоғамдық көлік және әлеуметтік инфрақұрылым өзекті. Шымкентте кәсіпкерлік, жұмыспен қамту, қала аумағының кеңеюі және білім мен медицина нысандарының жеткіліктілігі маңызды болмақ.

Жас мөлшері бойынша да айырмашылық байқалады. Жастар үміткер ретінде сайлауға қатысуда. Үш қалада да 2000 жылдан кейін туған азаматтар тіркелген. Алматыдағы бірмандатты округтерде 2006 жылы туған үміткер бар. Астана мен Шымкенттің партиялық тізімдерінде 2005 жылы туған азаматтар кездеседі.

Ең үлкен жастағы үміткерлер Алматыда 1956, Шымкентте 1957, Астанада 1959 жылы туған. Осылайша сайлауға әртүрлі буын өкілдері қатысып отыр. Алайда, тізімдердің негізгі бөлігін 1970–1990 жылдары туған, белгілі бір кәсіби және басқарушылық тәжірибесі бар азаматтар құрайды.

Жалпы, тіркелген үміткерлер саны сайлауда таңдау бар екенін көрсетеді. Алайда, шынайы бәсеке тізімнің ұзындығымен өлшенбейді. Оның деңгейі әр қаланың нақты мәселелеріне шешім ұсынуынан және сайлаушының сеніміне ие болу үшін қаншалықты белсенді жұмыс жүргізетінінен көрінеді.



Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚ

ҒАЛЫМДАР ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын талқылауға арналған кездесу өткізді. Кездесу «Жолдаудың басымдықтары: ұлттық мемлекеттілік және құқықтық сана» тақырыбына арналды.



Іс-шараға ғылыми қауымдастық өкілдері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері және QyzPU Студенттік Құрылтайының мүшелері қатысты.

Кездесу барысында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры Бейбітгүл Кәрімова Жолдауда белгіленген міндеттерді жүзеге асыру академиялық қауымдастық пен мемлекеттік институттардың күш-жігерін біріктіруді талап ететінін атап өтті. Ол ұлттық мемлекеттіліктің тарихи негіздерін зерттеу, заң үстемдігін нығайту және жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы бірлескен жұмыстың маңыздылығына ерекше тоқталды.

Президент Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға, цифрлық экономиканы қалыптастыруға және инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған бірқатар басым міндет айқындалған.

Мемлекет басшысы 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынып, ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін арттыруды тапсырды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамытуға, аграрлық секторға жасанды интеллект технологияларын енгізуге және су ресурстарын ұтымды пайдалануға ерекше назар аударылды.

Президент білім беру саласындағы реформалар мұғалімдердің жұмысын жеңілдетуге және олардың шамадан тыс жүктемесін азайтуға бағытталуы тиіс екенін атап өтті. Бұдан бөлек, Жолдауда шағын және микробизнес субъектілерін тексеруге үш жылдық мораторий енгізу мүмкіндігін қарастыру, салық заңнамасына өзгерістер әзірлеу, жаңа Азаматтық кодексті қабылдау және мемлекеттік көмекті шын мәнінде мұқтаж азаматтарға атаулы түрде көрсету мәселелері қозғалды.

Жолдауда белгіленген міндеттерді талқылау барысында Ұлттық ғылым академиясының, ғылыми-зерттеу институттарының, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері мен ғалымдар ұлттық мемлекеттілік, Құрылтай институтының тарихи маңызы, заң үстемдігі және қоғамдық диалог мәселелері бойынша пікір алмасты.

Кездесу аясында мемлекет және қоғам қайраткері Омархан Өксікбаев пен түркітанушы ғалым Зарипбай Оразбайдың авторлығымен жарық көрген «Құрылтай феномені» кітабының таныстырылымы өтті. Сондай-ақ, заңгер, PhD докторы Бақытжан Сапаровтың «Конституция сақшылары» атты танымдық комиксі көпшілік назарына ұсынылды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

БАСҚОСУ

Философия бағдарын бағамдаған жиын



Қалада «Қазақстан қоғамының философиясы: құндылық бағдарлары мен даму перспективалары» тақырыбында IV Қазақстандық философия конгресі өтті. Халықаралық ғылыми басқосуға Қазақстан, Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа да елдердің ғалымдары мен философтары қатысты.

Конгресс барысында ұлттық құндылықтар, мәдени бірегейлік, жасанды интеллектінің ықпалы, цифрлық теңсіздік және гуманитарлық ғылымдардың қазіргі қоғамдағы рөлі талқыланды. Қатысушылар технологиялық өзгерістер кезеңінде адамзаттың рухани бағдарын сақтау, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін арттыру мәселелеріне назар аударды.

Жиынның ашылуында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтауын вице-министр Динара Щеглова жеткізді. Министр өз сөзінде философияның технологиялық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер жағдайындағы маңызына тоқталған.

Конгресс аясында Өзбекстан философиялық қоғамының президенті, философия ғылымдарының докторы, профессор Нигинахон Шермухамедова Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ғылыми байланыстың маңызын атап өтті.

– Қазақстан философиялық конгресінің Орталық Азиядағы ғылыми диалогты дамытудағы орны ерекше. Мұндай басқосулар екі елдің ғалымдары арасында тәжірибе алмасуға, ортақ зерттеулер жүргізуге және ғылыми байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Бізді тарихи-мәдени байланыстармен қатар, Әбу Насыр әл-Фараби мұрасына деген ортақ қызығушылық та біріктіреді, – деді ол.

Профессордың пікірінше, жасанды интеллектінің дамуы ақпарат алу мен білім беру тәсілдерін өзгертіп жатқан кезеңде философияның маңызы арта түседі. Сондай-ақ, ол Қазақстан мен Өзбекстанның ғылыми журналдары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселесін көтерді.

Ал Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясы Философия және әлеуметтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор Рабият Асланова «Түркі философиясын әлемдік философиялық кеңістікке интеграциялау» тақырыбында ой қозғады. Бұл бағытта түркі халықтарының ортақ интеллектуалдық мұрасын зерттеу және оны әлемдік философия кеңістігінде таныту мәселелері назарға алынды.

Іс-шара аясында отандық ғылымның, философияның, саясаттану мен дінтанудың дамуына үлес қосқан ғалымдарды марапаттау рәсімі де өтті. IV Қазақстандық философия конгресі отандық философия ғылымының жетістіктерін саралап қана қоймай, оның алдағы даму мүмкіндіктерін талқылауға жол ашты.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»



Дауды сотсыз да шешуге болады

Алматыда қоғамдағы медиация институтының рөліне арналған конференция өтті. Қалалық Ішкі саясат басқармасы ұйымдастырған жиынға прокуратура, сот өкілдері, заңгерлер, психологтар мен студенттер қатысты.

Қазақстанда «Медиация туралы» заң 2011 жылы қабылданды. Содан бері бұл институт әкімшілік және қылмыстық сипаттағы дауларды реттеудің маңызды тетіктерінің біріне айналды. Медиация тараптардың өзара келісімге келуіне мүмкіндік береді. Оның негізгі қағидаттары – еріктілік, құпиялылық, тараптардың тең құқылығы және медиатордың тәуелсіздігі.

Бұл институттың басты міндеті – дауды сотқа дейін реттеу. Дегенмен, тараптар сот процесі барысында да өзара келісімге келе алады. Конференция барысында сөз алған мамандар медиацияның қазіргі қоғамдағы маңызы артып келе жатқанын атап өтті. Олардың айтуынша, медиатор істің мән-жайын зерттеу кезінде бейтараптық сақтап, тараптардың ешқайсысын жақтамауы керек. Медиатор маман талапкер мен жауапкер арасындағы байланысты нығайтып, ортақ шешімге келуіне көмектеседі.

«Құқық, медиация және келіссөздер» компаниясының өкілі, тәжірибелі медиатор Аида Заманбекова кейбір дауларды сотқа жеткізбей шешуге болатынын, мұндай жағдайда тәуелсіз делдалдың көмегі тиімді екенін айтты.

«Медиация 15 жыл ішінде халық арасында кеңінен танылып, сұранысқа ие болды. Кәсіби келіссөз жүргізуші маман тараптардың ортақ шешімге келуіне көмектеседі. Бұл тәсіл сыбайлас жемқорлыққа қатысты істерден басқа дауларды реттеуге мүмкіндік береді. Кәсіби медиаторлар арнайы тізілімге енгізілген және көмек сұрап жүгінген азаматтарға қызмет көрсете алады. Біздің ұйым былтыр 16 мыңнан астам медиация рәсімін өткізді. Оның 90 пайыздан астамында тараптар сот отырысына дейін келісімге келді. Медиация – заман талабына сай бағыт. Екі адамның мүддесі қайшы келген жағдайда оларды ортақ мәмілеге келтіретін медиаторларға деген сұраныс әлі де сақталады», – деді Аида Заманбекова.

Нұрлан СҮЙІН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАЛАҒА ҚУАТ БЕРЕТІН САЛА



Мегаполисімізде жаңа тұрғын үй кешендері бой көтеріп, өндіріс орындары ашылып, көше жарығы жаңартылған сайын электр энергиясына деген сұраныс та арта түседі. Алайда, тұтынушыға жарық жеткізу үшін электр стансалары мен желілердің болуы жеткіліксіз. Оларға қажетті трансформатор, кабель, тарату құрылғысы, электр қалқаны мен қосалқы станса жабдықтары да керек. Осындай техникалық өнімдерді өндіру – энергетика саласының маңызды буыны. Ал Алматыда бұл бағытта бірнеше кәсіпорын жұмыс істейтінін білесіз бе?

Қарқыны қандай?

Алматыдағы электротехникалық өндірістің тарихы терең кәсіпорындарының бірі – Алматы электр механикалық зауыты. Ол 1959 жылы құрылған. 1999 жылдан бері «Alageum Electric» холдингінің құрамында жұмыс істейді. Кәсіпорын жоғары және төмен кернеулі, сондай-ақ арнайы тапсырыспен жасалатын электр жабдықтарын шығарады.

Зауыттың өнім қатарында комплектілі трансформаторлық қосалқы стансалар, тарату құрылғылары, біржақты қызмет көрсетілетін камералар, күштік тарату шкафтары мен жарықтандыру қалқандары бар. Мұндай жабдықтар электр энергиясын қабылдап, оны тұтынушыларға қауіпсіз әрі тұрақты таратуға мүмкіндік береді. Кәсіпорын цифрлық бағдарламалық басқару жүйесі бар жабдықтарды пайдаланады және отандық тауар өндірушілер тізіміне енгізілген.

Аталған бағыттағы тағы бір кәсіпорын – «Sheber Elektro». Компания 2013 жылдан бері мегаполисте электротехникалық жабдықтарды жобалау, өндіру және жеткізумен айналысады. Өнімдерінің қатарында трансформаторлық қосалқы стансалар, жоғары және төмен кернеулі тарату құрылғылары, электр қалқандары, энергия есептеу шкафтары мен басқару жүйелері бар. Кәсіпорынның мәліметінше, өндірістік цех Алматыда орналасқан, өнімдері Қазақстанның өзге өңірлеріне де жеткізіледі.

Алматы индустриялық аймағында орналасқан Еуразиялық энергетикалық кешен де электротехникалық өндірістің дамуына үлес қосып отыр. Оның құрамындағы Еуразиялық кабель зауыты энергетика саласына арналған кабель өнімдерін шығарады. Өндіріс халықаралық IEC, DIN, BSI және Еуразиялық ГОСТ стандарттарына негізделген. Кешеннің ресми мәліметінде жобаларға салынған тікелей шетелдік инвестицияның жалпы көлемі 110 млн. АҚШ долларынан асатыны көрсетілген. Бұл қаражат бір ғана кабель зауытына емес, кешен құрамындағы өндірістік жобаларға қатысты.

Кабель өндірісімен қатар, Алматы индустриялық аймағында кабельдік муфталар мен аксессуарлар шығаратын Еуразиялық кабельдік муфталар зауыты да жұмыс істейді. Кәсіпорынның мәліметінше, өндірістік желілері кернеуі 1-ден 35 кВ-қа дейінгі кабель өнімдеріне арналған жалғағыш муфталар мен қосалқы бөлшектерді шығаруға мүмкіндік береді. Мұндай бұйымдар кабель желілерін монтаждау, жалғау және пайдалану кезінде қажет.

Ал «ЭлектроБар» кәсіпорнының өндірістік жобасы 2021 жылы Алматы индустриялық аймағында таныстырылған. Деректерге сәйкес, зауыттың жобалық қуаты жылына 600-ден астам электротехникалық бұйым шығаруға есептелген, жобаға 187 млн. теңге инвестиция салынған және 30-ға жуық жұмыс орны құрылыпты. Кәсіпорын трансформаторлық қосалқы стансалар мен электр тарату жабдықтарын өндіруге бағытталған.

Жабдыққа қажеттілік

Электротехникалық өнім өндірушілердің жұмысы қаланың энергетикалық инфрақұрылымымен тығыз байланысты. Шаһардың электр желілік кешені елдегі ірі жүйелердің бірі саналады. Қалалық Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының дерегінше, электр беру желілерінің ұзындығы 30,8 мың шақырымнан асады.

2025 жылы қаладағы электр желілеріне түскен ең жоғары жүктеме 1962 МВт-қа жеткен. Қалалық Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Нұрбақыт Серікбайдың айтуынша, халық санының өсуі, құрылыс көлемінің артуы және қалалық инфрақұрылымның дамуы электрмен жабдықтау жүйесіне түсетін салмақты көбейтіп отыр.

– Бүгінде Алматының электрмен жабдықтау жүйесіне халық санының өсуі, құрылыс көлемінің артуы және қалалық инфрақұрылымның дамуы салдарынан жоғары жүктеме түсуде. 2025 жылы желілердегі ең жоғары жүктеме 1962 МВт-қа жетті. Сондықтан желілерді жаңғырту – бір реттік шара емес, қаланың тұрақты дамуына қажетті жүйелі жұмыс. Біз желілердің өткізу қабілетін арттыруды, технологиялық шығынды азайтуды және жабдықтарды пайдалану тиімділігін көтеруді жалғастырып келеміз, – деген еді басқарма басшысы.



Осы бағыттағы жұмыстар биыл да жалғасып жатыр. 2026 жылы Алматыда шамамен, 270 шақырым электр желісін жаңғырту жоспарланған. Оның ішінде 210 шақырым 10 және 6 кВ кабель желісі, 60 шақырымға жуық 0,4 кВ әуе желісі бар. Сонымен қатар, үш тарату пункті мен 22 трансформаторлық қосалқы стансаға қатысты жұмыстар жүргізілмек.

Желілерді жаңарту электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға бағытталған. Ал бұл жұмыстарда трансформаторлар, тарату құрылғылары, кабельдер мен электр қалқандары секілді жабдықтардың орны ерекше. Демек, қаладағы құрылыс пен инфрақұрылымдық жобалардың көбеюі электротехникалық өнімдерге деген сұранысты да арттыра түседі.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



Көшенің көркі ашылды

Түрксіб ауданында тағы бір қоғамдық кеңістік көркейтілді. Александров көшесінің Сейфуллин даңғылынан Жансүгіров көшесіне дейінгі бөлігінде жүргіншілер мен серуендеуге арналған аймақты көркейту жұмыстары аяқталды.

Жоба тұрғындарға қала инфрақұрылымын дамыту және қоғамдық аумақтарды көркейту бойынша идея ұсынуға мүмкіндік беретін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Жұмыс барысында жүргіншілер жолдары салынып, асфальт жабыны жаңартылды. Орындықтар, қоқыс жәшіктері және воркаутпен айналысуға арналған спорттық құрылғылар орнатылды. Сондай-ақ, сыртқы жарықтандыру жүйесі мен автоматты суару жүйесі іске қосылды.

Көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінді. Аумаққа 5000 түп бұта егіліп, 10 544 шаршы метр жерге көгал төселді. Қазіргі уақытта жобаға қатысу үшін өтінімдер қабылдау жалғасуда. Тұрғындар аудан аумағын көркейту және дамыту жөніндегі ұсынысын budget.open-almaty.kz сайты арқылы жолдай алады.

Қала тұрғындарының ұсыныстарының арқасында қоғамдық кеңістіктер біртіндеп жаңарып, серуендеуге, спортпен шұғылдануға және демалуға қолайлы әрі жайлы орындарға айналып келеді.

Автотұрақ жеңілдіктерін пайдаланып жүр

Алматыда коммуналдық ақылы автотұрақ жүйесін жетілдіру жұмысы жалғасып жатыр. Бүгінде бұл мүмкіндікті алматылық 15 344 автокөлік иесі пайдаланып жүр.

Жеңілдік I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтарға, Отан соғысының ардагерлеріне, көпбалалы отбасыларға, Семей ядролық сынақ полигонындағы сынақтардан зардап шеккен отбасылардың мүшелеріне беріледі. Бұл мүмкіндік электромобильдер мен арнайы көлік құралдарының иелеріне де қарастырылған.

Қазіргі кезде қалада 17 мыңнан астам коммуналдық автотұрақ орны бар. Алдағы уақытта олардың санын 25 мыңға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұған қоса, көлік иелеріне қызмет алу уақытын үнемдеу үшін жеңілдікпен тұрақтауға арналған рұқсаттарды рәсімдеу тәртібін оңайлату және цифрлық сервистерді дамыту көзделген.

«Алматы Паркинг» КМК мамандарының мәліметінше, автотұрақ желісін кеңейту жұмыстары қызмет көрсету сапасын арттырумен қатар жүргізіледі. Сондай-ақ, тұрақ орындарының тұрғындардың әртүрлі санаты үшін қолжетімді болуына басымдық беріледі.



Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ИГІЛІГІ МОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Бостандық ауданында БАҚ өкілдерін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында абаттандырылған қоғамдық кеңістіктермен таныстыру мақсатында пресс-тур өтті.



Іс-шара барысында журналистер ауданда жаңадан пайда болған кеңістіктерді көріп, жүзеге асырылған жобалардың нәтижелерімен, инвестиция көлемімен және қалалық инфрақұрылымды одан әрі дамыту жоспарларымен танысты.

Жеке инвестициялардың арқасында, ауданда бұрын қараусыз жатқан аумақтар заманауи аллеялар мен гүлзарларға, тұрғындар демалуға арналған жайлы орындарға айналып жатыр. Солардың бірі – Серкебаев көшесі, 103 мекенжайындағы «Shuaq» аллеясы. Бұл жобаға «DAC City LTD» ЖШС 350 млн. теңгеден астам қаражат бөлген. Нәтижесінде серуендеуге арналған жол төселіп, заманауи шамдар, жасыл желектер, көлеңке болатын перголалар, әткеншектер мен орындықтар орнатылды.

Ал Серкебаев көшесі, 83-үйдің ауласында ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған инклюзивті ойын алаңы ашылды. «Болашақ Құрылыс S» ЖШС бұл жобаға 58 млн. теңге инвестициялады. Жалпы аумағы 450 шаршы метр болатын кешенде қауіпсіз жұмсақ жабын, пандустар, 10 тактильді панель және пойыз пішініндегі ойын кешені бар. Мұнда ерекше қажеттілігі бар балалар қатарластарымен бірге еркін ойнай алады.



Байқадамов көшесінің Серкебаев пен Жароков көшелерінің аралығындағы бөлігіне де гүлзар бағы отырғызылды. «Жан Сай Групп» ЖШС бұл жобаға 126 млн. теңге бағыттады. Қазір мұнда жаяу жүргіншілер жолдары төселіп, жарық шамдары мен орындықтар орнатылып, арық жүйесі ретке келтіріліп, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Абай даңғылының 20-шы желі көшесімен қиылысқан тұсында 0,4 гектар аумақты қамтитын сквер ашылды. «Тау девелопмент» ЖШС жобаға 150 млн. теңге инвестиция салған. Сквердің басты ерекшелігі – айналасындағы жасыл желек пен қарағайларды ерекше үйлестіретін айналы сәулеттік павильондар.

Сонымен қатар, Сәтбаев көшесінің Әуезов пен Жароков көшелерінің аралығындағы жаяу жүргіншілер инфрақұрылымы жаңартылды. Жобаға 175 млн. теңге бөлінді. Оның 160 млн. теңгесін «Зираат ДЖИО Казахстан» ЖШС, 15 млн. теңгесін кәсіпкер А.М.Өтеғұлов инвестициялады. Мұнда тротуарлар жаңартылып, көру қабілеті төмен адамдарға арналған тактильді тақталар төселді. Оған қоса, арық жүйесі қалпына келтіріліп, қоршаулар мен жаңа ағаштар отырғызылды.



Бұдан бөлек, Назарбаев даңғылының Ганди көшесінен оңтүстікке қарай, №229 және №235 үйлердің арасындағы 1,5 гектар аумақты қамтитын скверді абаттандыру жұмыстары аяқталуға жақын. Жобаға «Сенсата» ЖШС 280 млн. теңге инвестиция салды. Жұмыс барысында көпжылдық ағаштар сақталып, серуендеу жолдары төселді, заманауи орындықтар мен жарық шамдары орнатылып, қосымша көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

«Бүгінде әкімдік пен бизнес өкілдерінің бірлескен жұмысының нәтижесінде ауданымыздың келбеті өзгеріп келеді. Әрбір жобаның артында жәй ғана абаттандырылған аумақ емес, тұрғындардың серуендеуіне, демалуына, спортпен айналысуына және өзара қарым-қатынас жасауына арналған жаңа кеңістіктер пайда болып жатыр. Кәсіпкерлердің бастама көтеріп, өз қаражатын әлеуметтік маңызы бар жобаларға бағыттауы өте маңызды. Бұл – бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен тиімді әріптестіктің айқын көрінісі. Біздің міндетіміз – әрбір тұрғын өзін жайлы сезінетін орта қалыптастыру. Біз бұл бағыттағы жұмысты жалғастырып, жаңа серіктестер тартуға және халыққа нақты пайда әкелетін бастамаларды жүзеге асыруға ниеттіміз», – деді журналистерге берген сұхбатында аудан әкімі Азамат Қалдыбеков.

Айта кетейік, биыл Бостандық ауданында кәсіпкерлік қауымдастық өкілдерімен әлеуметтік әріптестік аясында 27 жоба жүзеге асырылуда. Олардың 13-і аяқталса, 14 жоба бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде аталған бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған инвестициялардың жалпы көлемі 2,8 млрд. теңгеден асады.

Мұндай жобалар жекелеген аумақтарды абаттандырумен ғана шектелмей, тұрғындардың демалуына, серуендеуіне, спортпен айналысуына және бір-бірімен араласуына мүмкіндік беретін заманауи, жайлы әрі қолжетімді қалалық ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БРИФИНГ

ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ 8,5% ӨСТІ

Жетісу ауданында биылғы 10 айда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8,5% өсіп, 324 млрд. теңгеге жетті. Құрылыс саласы мен кәсіпкерлікте де ілгерілеу байқалады. Аудан жаңа өндірістік алаңдар құрып, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтіп, шағын және орта бизнесті дамытуда.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте аудан әкімі Құрасбек Сәдібеков өзге де тындырылған және қолға алынған шаруалар туралы баяндады.

Ауданда қазір 54 ірі өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді. Өндірістік әлеуетті одан әрі арттыру үшін жалпы ауданы 45 мың шаршы метрден асатын төрт шағын индустриялық парк салынып жатыр. Сонымен қатар, «Келет» пен «Айсмастер» кәсіпорнын кеңейту жобасы жүзеге аса бастады.

Аудан экономикасында шағын және орта бизнес маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта мұнда 35 мыңнан астам кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Он айда салық түсімі 11% өсіп, 290 млрд. теңгеге жетті. Бұдан бөлек, шамамен, 4 мың жаңа жұмыс орны тағы ашылды.

Ауданда қоғамдық кеңістіктер, аулалар мен өзен жағалауы да жаңартылып жатыр. Мұнда «Жетісу» саябағы мен Қазыбаев көшесін абаттандыру жұмысы аяқталды. Ал қараша айының соңына дейін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясындағы 25 жобаның тағы жетеуін, сондай-ақ Қарасу өзенінің жағалауын абаттандыру жұмысы бітеді.

Әкімнің айтуынша, бұрынғы «Рахат» базарының орнына демеушілердің қаражаты есебінен жаңа алаңқай салына бастады. Сондай-ақ, «Кемел» шағынауданындағы Қарасу өзенінің жағалауын абаттандыру жұмысы аяқталып қалды. Оның ұзындығы бір шақырымнан асады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында тұрғындар өз аудандарында қандай қоғамдық кеңістіктер мен алаңдарды жаңарту қажеттігін өздері ұсынады. Қазір қалған жобаларды уақытында аяқтап, осы аумақтарды күнделікті пайдаланатын тұрғындардың қажеттіліктерін ескеру маңызды. «Көкжиек» шағынауданындағы аулаларда балалар алаңдары, футбол алаңдары мен спорт аймағы қарастырылған», – деп атап өтті аудан әкімі.



Ауданда 30-дан астам көше аумағы мен жаяу жүргіншілер аймағының, саябақ пен алаңқайлардың 15 учаскесінде сыртқы жарық жүйесі жаңартылды. 1,9 мыңнан астам жарық нүктесі ауысып, 22 шақырым кабель желісі қалпына келтірілді. Сондай-ақ, 311 тірек орнатылып, 154 басқару шкафы жөнделді.

Биылғы орташа жөндеу жұмысының жоспарына жалпы ұзындығы шамамен, 39,5 шақырымды құрайтын 40 көше енгізілген.

Жұмыс екі кезеңге бөлінген. Әр кезең 20 көшені қамтып отыр. Бірінші кезеңнің ұзындығы шамамен, 23,8 шақырым болса, екінші кезеңнің ұзындығы 15,7 шақырым. Екінші кезең аясында 14 көшеде жөндеу жұмысы басталып, олардың бірнешеуіндегі жұмыс қазірдің өзінде бітіп қойған.

Алты көшеде әзірге жөндеу жұмысы басталған жоқ. Олар: Қоңыртөбе, Ұлттық, Серпін, 2-ші Гончарная көшелері, Қазыбаев көшесі мен Крылов көшесінен Ниязбеков көшесіне дейінгі жол.

«Бұдан бөлек, аудан әкімдігі ағымдағы жөндеу аясында 22 мың шаршы метр жол жабынын қалпына келтіріп, 7 көшеде ұзындығы 1,5 шақырымнан асатын тротуарларды салу және жөндеу жұмыстары аяқталды», – деді әкім.



Жетісу ауданында мектеп салып, оны жаңғыртудан бөлек, ауданда Инновациялық шығармашылық орталығын құрып, кітапхана желісін кеңейтіп, сондай-ақ балаларға арналған спорт пен шығармашылық үйірмесінің қолжетімділігін қамтамасыз етпек.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Боралдай көшесінде 1200 орынға арналған №225 мектеп пайдалануға берілді. Сонымен қатар, №112 мектеп үшін 320 орынды қосымша корпус салынды. Қазір №43 мектепте жаңғырту жұмысы қола алынды. Мұнда тағы 280 орынды корпус бой көтермек. Жұмысты 2027 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Кітапхана инфрақұрылымын да қоса дамытып жатыр. «Оқитын ұлт» жобасы аясында «Көкжиек» шағынауданында жаңа кітапхана ашылды. Тағы бір оқу кеңістігі «Әдем» сауда үйінде жұмысын бастады. Ол жақын маңдағы тұрғындар мен осы аумақта еңбек ететіндерге қолжетімді.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

«КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ»





ТАЛҒАТТЫҢ ТАҒЫ БІР ҚЫРЫ

Қазір оқырманның көркем әдебиетке деген талғамы да өзгеріп келеді. Дегенмен, адам тағдыры, махаббат, отбасы, достық, өмірлік таңдау секілді тақырыптар өзінің өзектілігін ешқашан жоғалтпайды. Себебі, бұл мәселелер адамның жасына немесе әлеуметтік жағдайына қарамайды. Адам өмірінде жиі кездесіп жатады. Оқырманына жол тартқан Талғат Теменовтің «Махаббат бекеті» жинағының ерекшелігі де міне, осында.

Бұл жинақта автор нақты кейіпкерлер мен оқиғалар арқылы адам өміріндегі ортақ құндылықтарды қарастырады. Оқырманның да шығармадағы кейіпкерлердің тағдыры арқылы өзіне таныс жағдайларды, сезімдерді немесе өмірлік таңдауларды кездестіруі әбден мүмкін. Сонымен қатар, жинақ жас оқырман үшін де адамаралық қарым-қатынас, жауапкершілік, адалдық және өмірлік шешімдердің салдары туралы ойлануға мүмкіндік береді.

«Атамұра» баспасынан жарық көрген жаңа жинақта адам тағдыры, махаббат, достық және өмір шындығы тақырыптары кеңінен қамтылған. Кітаптың тұсаукесері Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында «Атамұра» корпорациясының ұйымдастыруымен өтіп, қазақ жазушыларының басын бір қосты.

Қазақ руханиятында есімі ерекше Талғат Теменов қазақ мәдениеті мен өнерінде бірнеше бағытта еңбек етіп келе жатқан шығармашылық тұлға. Әсіресе, оның кәсіби қызметі театр режиссурасымен, кино өнерімен және драматургиямен байланысты. Режиссер үшін кейіпкердің мінезі, диалогы, ішкі тартысы мен оқиғаның драматургиялық құрылымы маңызды болса, мұндай ерекшеліктер оның прозалық шығармаларынан да анық көрінеді. Жаңа жинаққа автордың адам тағдыры, махаббат, достық, өмір шындығы және адамның ішкі психологиялық толғаныстарын арқау еткен «Гүлназ», «Көктем шықса, көкек келер» атты екі повесть және «Либерти», «Папасының қызы», «Көке бала» атты әңгімелер топтастырылған.

Жинақтағы шығармалардың ортақ тақырыбы адамның өмір жолы мен сезім әлемі. Шығармаларда қуаныш пен өкініш, үміт пен сағыныш, кездесу мен айырылысу сияқты адам өміріне тән сезімдер қатар көрініс табады. Бұл ретте автор кейіпкердің сыртқы әрекетін ғана сипаттаумен шектелмейді. Оның шешім қабылдауына әсер ететін ішкі себептерге, психологиялық күйіне және өмірлік ұстанымына назар аударады. Сондықтан Теменов шығармаларының басты ерекшелігі кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін көрсету.

«Махаббат бекеті» жинағында жеке адамның тағдыры мен қоғамдағы қарым-қатынастар, адамның сезімі мен өмірлік таңдауы өзара сабақтастықта беріліп, адам өміріндегі маңызды шешімдердің эмоциялық және психологиялық салдарын көрсетеді. «Махаббат бекеті» ұғымы адамның өмір жолындағы кездесулер мен айырылысуларды, күтуді және таңдауды сипаттайтын көркемдік атау ретінде қабылданады.

Міне, бұл тұрғыда Талғат Теменовтің режиссерлік және кинодраматургиялық тәжірибесі оның прозалық шығармаларының баяндау тәсілінен де анық байқалады. Кейіпкердің мінезін ашуда оқиғаның өзімен қатар оның ішкі ойы, сезімі мен психологиялық күйі маңызды орын алады. Кітап автор кейіпкерлердің өмірлік жағдайларға қалай қарайтынын, шешім қабылдау барысында қандай сезімдерді бастан өткеретінін көрсетуге мән береді. Бұл тәсіл оқырманға шығарманың оқиғасын ғана қабылдамай, кейіпкердің ішкі әлемін түсінуге мүмкіндік береді.

Жинақта махаббат, сағыныш, өкініш, үміт сияқты сезімдердің берілуі де осы психологиялық сипаттаумен байланысты. Сондай-ақ, жинақтағы «Либерти», «Папасының қызы», «Көке бала» әңгімелерінде де адам тағдырына қатысты мәселелер жалғасын табады. Әңгіме жанрының мүмкіндігін пайдалана отырып, автор әр шығармада белгілі бір кейіпкердің немесе тағдырдың жеке тарихына назар аударады. Бұл шығармаларда адам мен адам арасындағы қарым-қатынас, отбасы құндылығы, достық, жақындық және өмірлік жағдайлардың тұлғаға әсері көрініс табады.

«Папасының қызы» секілді атаудың өзі отбасы ішіндегі қарым-қатынас мәселесіне назар аударса, басқа шығармаларда да адамның жеке болмысы мен қоршаған ортаның ықпалына қатысты мәселелер қозғалады. Осы арқылы жинақтағы әр шығарма жеке оқиғаны баяндай отырып, кеңірек адамдық мәселелерге алып келеді.

«Махаббат бекеті» жинағының негізгі ерекшелігі бірнеше шығарманың бір жинаққа біріктірілуі ғана емес, олардың барлығында адам тағдыры мәселесінің әр қырынан қарастырылғаны. Бұл тұрғыда Т.Теменов кейіпкерлердің тағдырын суреттеу арқылы адамның белгілі бір жағдайдағы шешімін, оның ішкі себептерін және сол таңдаудың салдарын көрсетуге ұмтылады. Жинақта адамның өмірдегі орны, қарым-қатынастың мәні, сезім мен жауапкершіліктің арақатынасы сияқты жалпыадамзаттық мәселелер түгел қамтылған. «Атамұра» баспасынан жарық көрген кітап қалың оқырманға арналған.

Рая ЕСКЕНДІР.

МӘДЕНИЕТ

Алматы төріндегі ҚР Ұлттық кітапханасында Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің өкілдері көшпелі көрме ұйымдастырды.



«ЕРТІС-БАЯН ЖАУҺАРЛАРЫ»

«Ертіс бойының жауһарлары» атты көрмеде Павлодар өңірінен табылған Абай Құнанбайұлының алғашқы жыр кітабы, ғұлама Мәшһүр Жүсіптің тұмары мен Шәкен Аймановтың «Алдаркөсе» фильмінде киген бөркі, Жүсіпбек Аймауытов, Жұмат Шанин, Жанбике Шанина, Иса Байзақов,

Кәукен Кенжетаев, Нұтфолла Шәкенов, Мұзафар Әлімбаев, Қалмұқан Исабаев және тағы да басқа ұлт тұлғаларының жеке заттары, Ертіс бойының мәдениеті мен өнеріне қатысты өзге де жәдігерлер таныстырылды.

Іс-шара барысында Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің ұйытқы болуымен биыл жарық көрген екі кітаптың тұсауы кесілді.

«Бірінші кітап – «Қартқожа Тоғанбаев». Онда Жүсіпбек Аймауытовтың әйгілі «Қартқожа» романындағы негізгі кейіпкер, Алаш қозғалысының қайраткері, аудармашы, публицист Қартқожа Тоғанбаевтың өмірі мен қызметіне қатысты архивтік құжаттар, фотосуреттер мен зерттеу мақалалары жинақталған. Ал екіншісі – «Күретамыр». Онда Халық әртісі, әнші, актёр Кәукен Кенжетаевтың әкесі, халық ауыз әдебиеті үлгілері мен фольклор мұраларын жинаушы Кенжетай Аймановтың өлеңдері мен ел аузынан жазып алған аңыз-хикаялары, қиссашежірелері жинақталған», – деді Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің басшысы Ербол Қайыров.

Аталған көрменің өзегі болған «Баянтаудан Алатауға: рух сабақтастығы» атты республикалық ғылыми-мәдени конференция жұмысына елімізге танымал әдебиеттанушы ғалымдар, Ертістің Павлодар өңірінен шыққан ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің ұрпақтары қатысты.

Нұржамал ӘЛІШ.





МАРАПАТ

АРНАЙЫ ЖҮЛДЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

Алматы қаласы Білім басқармасының ахуалдық орталығы «Хрустальный шар – 2026» халықаралық сыйлығының «Халықаралық тәжірибе» арнайы жүлдесіне ие болды.

Марапаттау рәсімі 5 қарашада Мәскеуде өтті. Алматы өкілдеріне марапат әлеуметтік желілерді талдау және цифрлық коммуникация саласындағы халықаралық байқаудың қорытындысы бойынша табысталды. Алматы әуежайында елге маңызды марапатпен оралған ахуалдық орталық мамандарын салтанатты қарсы алу рәсімі ұйымдастырылды.

– Халықаралық марапатқа ие болу – біздің команда үшін маңызды оқиға. Алматыда әзірленген жобаның Қазақстаннан тыс жердегі кәсіби қауымдастық тарапынан мойындалғаны ерекше қуантады. Бұл бірлескен еңбектің және қала билігінің қолдауының нәтижесі. Осындай қолдаудың арқасында мұндай бастамалар дамып, тұрғындарға нақты пайда әкелуге мүмкіндік алады, – деді жоба жетекшісі Рафаэль Гасанов.

Оның айтуынша, Алматының ахуалдық орталығы қоғам үшін маңызды міндеттерді шешуде цифрлық құралдарды қолданғаны үшін жоғары бағаланды. Жүйе ақпараттық кеңістікті бақылауды, азаматтардың өтінішін қарауды және жауапты қызметтермен жедел өзара іс-қимылды біріктіреді. Бұл білім беру саласындағы мәселелерді дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

«Хрустальный шар» сыйлығы биыл алтыншы рет ұйымдастырылып отыр. Биылғы байқау сегіз тақырыптық номинация мен үш арнайы санатты қамтыды. Ұсынылған жобаларды кәсіби қазылар алқасы бағалады. Бұған дейін қазақстандық жоба «Мемлекет және қоғам» халықаралық номинациясында үздік 10 жобаның қатарына еніп, Орталық Азиядан ондыққа кірген жалғыз жоба атанған болатын.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ХАЙТЕК

СТАРТАПТАР ІСХАНАСЫ

тың идеяларға қанат бітірген қала

Технологиялық жобаларды дамытуға бағытталған Almaty Hub Incubation бағдарламасы іске қосылды. Оған қатысуға 520 өтінім түсіп, іріктеу нәтижесінде 50 команда жолдама алды. 12 аптаға созылатын бастама стартаптарға өнімдерін жетілдіруге, нарықтағы сұранысты зерттеуге және бизнес-модельдерін дамытуға мүмкіндік береді.



Бағдарламаның ашылу салтанаты Almaty Hub алаңында өтті. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Astana Hub жүзеге асыратын жоба технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға және бастапқы идеяларды тұрақты бизнеске айналдыруға бағытталған. Іріктеудің алғашқы кезеңіне қатысқан командалардың ішінен 166 стартап келесі кезеңге өтті. Бағдарлама алғашқы төрт аптада онлайн форматта өтіп, кейінгі сегіз аптада қатысушылар Almaty Hub алаңында трекерлер мен салалық сарапшылардың қолдауымен жұмыс істейді.

Almaty Hub Incubation бағдарламасының жетекші трекері, Astana Hub-тың бұрынғы басқарушы директоры Аркадий Селезнёвтің айтуынша, инкубацияға қатысатын командалардың дайындық деңгейі әртүрлі. Кейбірі бастапқы идеяны пысықтап жатса, енді бірінің өнімі әзірленіп, дамудың келесі сатысына өткен.

Алуан жоба, сан салалы шешім

Бағдарламаға қатысушылар қаржылық аналитика, цифрлық білім беру және кәсіби тәжірибені монетизациялау бағыттарында жұмыс істейді. Олардың жобалары технологиялық өнім жасауда салалық білім мен нақты тәжірибенің маңызын көрсетеді.

Top Traders Desk трейдерлерге арналған бірыңғай аналитикалық платформа әзірлеп жатыр. Жоба нарықты зерттеу, ақпаратты талдау және инвестициялық шешім қабылдау үдерістерін бір жүйеге біріктіруді көздейді. Команданың мақсаты – трейдерлерге қажетті құралдарды бір жерден пайдалануға мүмкіндік беретін кешенді шешім ұсыну. Жоба негізін қалаушы Теймур Муслимнің айтуынша, команда бұған дейін тоғыз жылдан астам уақыт бойы венчурлік индустрияда жұмыс істеп, инвестициялық жобаларға қатысқан. Енді стартап құру тәжірибесін өздері меңгеріп, идеяны нарыққа шығарудың ішкі тетіктерін тереңірек түсінуге ниетті.

Ал Astrum FinLab қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған цифрлық платформа ретінде дамып келеді. Оның негізін қалаушы Жұлдыз Сужикова корпоративтік қаржы, инвестиция және оқыту салаларында 20 жылдық тәжірибе жинақтаған. Сондай-ақ, АҚШ қор нарығында он жылға жуық уақыттан бері өз бетінше сауда жасайды. Жобаның идеясы күнделікті тәжірибеден туған. Қаржылық ұғымдарды студенттер мен әріптестеріне қайта-қайта түсіндіру қажеттілігі маманды өз әдістемесін жүйелеп, оны цифрлық форматқа көшіруге жетелеген. Ендігі мақсат – қаржылық білімді көпшілікке қолжетімді етіп, платформаның аудиториясын кеңейту. Жұлдыз Сужикова инкубациялық бағдарлама аясында жаңа пайдаланушыларды тарту, бейінді мамандармен байланыс орнату және платформаның технологиялық мүмкіндіктерін жетілдіру бағытында жұмыс істемек.

Ал Neurovia Labs кәсіби тәжірибені цифрлық өнімге айналдыруға көмектеседі. 40 жастан асқан әйелдерге бағытталған платформа мамандардың жинақталған білімі мен тәжірибесін жүйелеп, аудиторияға ұсынуға және одан табыс табуға мүмкіндік бермек. Жоба негізін қалаушы Бахитжан Сатвалдинова кәсіби білімі мол адамдардың өз тәжірибесін нарыққа қажетті өнімге айналдыруда қиындықтарға кезігетінін байқаған. Осы қажеттілік платформаның пайда болуына негіз болыпты. Қазір Neurovia Labs шешімін 19 сарапшы сынақтан өткізіп жатыр. Алдағы уақытта команда платформаны стартаптар мен жұмыс істеп тұрған бизнеске де бейімдеу мүмкіндігін қарастырады. Жоба авторының айтуыша, инкубациялық бағдарлама платформаны жетілдіруге, оны ілгерілету тәсілдерін жүйелеуге және жаңа пайдаланушылар тартуға көмектеседі.

Нарыққа жол сілтейді

Технологиялық жобалардың дамуы жаңа өнімдер мен цифрлық қызметтердің пайда болуымен шектелмейді. Нарықта өз орнын тапқан стартаптар инвестиция тартуға, қызмет аясын кеңейтуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік алады.

Almaty Hub Incubation бағдарламасы командаларға осы жолдағы маңызды кезеңдерден өтуге көмектесуді көздейді. Сарапшылармен жұмыс істеу, клиенттердің сұранысын зерттеу және бизнес-модельді тексеру стартаптардың нарыққа дайындалуына жағдай жасайды. Дегенмен, кез келген жобаның болашағы тек идеяның жаңашылдығына емес, оның нақты сұранысқа жауап беруіне де байланысты. Сондықтан инкубацияның басты нәтижесі – әзірленген өнімнен бөлек, оның кімге қажет екенін, қандай мәселені шешетінін және тұрақты бизнеске қалай айналатынын түсіну.

Алматыда жүзеге асырылып жатқан бұл бастама технологиялық кәсіпкерліктің дамуына серпін беріп, жергілікті командалардың өз жобаларын жетілдіруіне мүмкіндік ұсынады. Ендігі маңызды кезең – қатысушылардың осы мүмкіндікті пайдаланып, идеяларын нарықта сұранысқа ие өнімдерге айналдыра алуы.

Дана САДЫРҚАН.

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕҢІСТІ ЖОЛЫ

Өткен апта Алматы қаласының спортшылары үшін жеңіске толы болды. Мегаполис спортшылары бірқатар республикалық және халықаралық жарыста жеңіс туын желбіретіп, қаламыздың спорт рухын асқақтатып, әлеуетін әйгілей түсті.



Ташкент қаласында өткен самбодан әлем чемпионатына әлемнің 100 елінен 500-ден астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Халықаралық жарыста ел намысын қорғаған алматылық спортшы Аружан Әсемқамалқызы 72 келі салмақ дәрежесінде жоғары нәтиже көрсетіп, күміс жүлдеге ие болды.

Ал таеквондодан (WT) ел біріншілігінде Алматы құрамасы топ жарды. Спортшылар ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатында 5 алтын, 4 күміс және 6 қола медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды. Жарыс Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өтті. Үш күн бойы еліміздің барлық өңірінен келген 350-ге жуық спортшы Қазақстан чемпионы атағы үшін бақ сынады. Алматылық Еркебұлан Енсегенов (54 кг), Нұрали Махмұт (58 кг), Мұхаммедәлі Махмұт (63 кг), Батырхан Күсетов (80 кг) және Рита Бакишева (46 кг) өз салмақ дәрежелерінде жеңімпаз атанып, алтын медаль иеленді. Айдана Құмартаева (46 кг), Дамир Шуленов (68 кг), Аружан Найманбаева (67 кг) және Бекарыс Нұрғазы (+87 кг) күміс жүлдеге қол жеткізді. Санжар Исмаил (58 кг), Азим Ниязов (63 кг), Нұрбек Ғазез (68 кг), Сұлтанбек Орынбек (68 кг), Жанель Сұлтанғалиева (46 кг) және Нұрриза Тұрарова (73 кг) қола жүлдегер атанды.

Бокстан Қазақстан чемпионатында да мегаполис командасы өз мықтылығын көрсетті. Алматы құрамасы бокстан ерлер мен әйелдер арасындағы ел чемпионатында 6 алтын, 4 күміс және 4 қола медаль жеңіп, жалпыкомандалық есепте бірінші орын иеленді. Тараз қаласында өткен жарысқа 20 өңірінен 369 спортшы қатысты және 20 салмақ дәрежесінде жүлделер сарапқа салынды.

Әйелдер арасында Виктория Графеева (60 кг), Бақыт Сейдіш (70 кг) және Елдана Талипова (+80 кг) Қазақстан чемпионы атанды. Ерлер арасында Фарух Тоқтасынов (70 кг), Нұрбек Мұрсал (75 кг) және Данияр Рахимбердинов (+90 кг) алтын медаль жеңіп алды. Күміс жүлдеге Назым Қызайбай (54 кг), Шахназ Исаева (57 кг), Сұлтанбек Айбарұлы (85 кг) және Ерсұлтан Сапар (+90 кг) қол жеткізді. Қола жүлдегерлер қатарында Елянұр Тұрғанова (51 кг), Дана Дидай (70 кг), Әсел Тоқтасын (+80 кг) және Бекнұр Батырбек (85 кг) бар.

Одан бөлек, алматылық каратэшілер ел чемпионатында 7 медаль жеңіп алды. Астана қаласында өткен жарыста Алматы құрамасы 3 алтын, 3 күміс және 1 қола жүлде иеленді. Жеке сайыста Владлена Сигалова (ката), Нұрия Тізімбай (68 кг), Диас Ұлбек (+84 кг) топ жарды. Аружан Ислам (ката), Дайяна Даренская (68 кг) күміс, сондай-ақ Санжар Аянұлы (+84 кг) қола медаль иеленді. Командалық сайыста алматылықтар екінші орыннан көрінді.

Сонымен қатар, Алматы қаласының су добы командасы – Қазақстан Республикасының чемпионы атанды. Елордада су добынан ішкі чемпионатының III тур финалдық кезеңі өтті. Байрақты бәсекеге әр аймақтан 5 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жарыс қорытындысы бойынша Алматы қаласының құрама командасы тамаша ойын көрсетіп, I орынды иеленді. Алматы спортшыларының халықаралық және республикалық ареналардағы бұл жетістіктері – мегаполисте спорт саласының жүйелі түрде дамып келе жатқанын, Алматының елдегі жетекші спорт орталықтарының бірі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл ортақ жеңістер – табанды еңбек пен кәсіби дайындықтың нәтижесі.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАЭКВОНДО

15 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Алматы құрамасы ересектер арасында таэквондодан (WT) өткен Қазақстан чемпионатында бес алтын, төрт күміс және алты қола медаль жеңіп алды. Командалық есепте екінші орынды Шымкент құрамасы, үшінші орынды Түркістан облысының командасы иеленді. Бұл туралы Алматы қаласы Спорт басқармасының өкілдері айтты.

Алматылық спортшылар 2022 жылдан бері, яғни бес жыл қатарынан командалық есепте көш бастап келеді. Осы уақыт аралығында ел чемпионатында төрт рет топ жарса, 2023 жылы Қазақстан Спартакиадасының командалық есебінде де жеңімпаз атанды.

Биылғы чемпионат 4–6 қараша аралығында Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өтті. Елдің барлық өңірінен келген 350-ге жуық спортшы 16 салмақ дәрежесі бойынша жүлделерді сарапқа салды.

Еркебұлан Еңсегенов (54 келіге дейін), Нұрәлі Махмұт (58 келіге дейін), Мұхаммедәлі Махмұт (63 келіге дейін), Батырхан Күсетов (80 келіге дейін) және Рита Бакишева (46 келіге дейін) Қазақстан чемпионы атанды.

Күміс медальді Айдана Құмартаева (46 келіге дейін), Аружан Найманбаева (67 келіге дейін), Дамир Шуленов (68 келіге дейін) және Бекарыс Нұрғазы (87 келіден жоғары) жеңіп алды.

Қола жүлдегерлер қатарында Жанель Сұлтанғалиева (46 келіге дейін), Санжар Исмаил (58 келіге дейін), Әзім Ниязов (63 келіге дейін), Нұрбек Ғазез бен Сұлтанбек Орынбек (68 келіге дейін), сондай-ақ Нұрриза Тұрарова (73 келіге дейін) бар.



ЖАРЫС



ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ әлемдік рекорд орнатты

Алматы әуежайында өрт-құтқару спорты бойынша әлем чемпиондарын салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Әзербайжан астанасында ерлер арасындағы XXI және әйелдер арасындағы XII өрт-құтқару спорты бойынша әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. Әлемнің 17 елінен келген спортшылар, оның ішінде Қазақстан, Ресей, Беларусь, Әзербайжан, Моңғолия, Өзбекстан, Қытай, Германия және басқа да мемлекеттердің өкілдері өзара мықтыны анықтады. Қазақстан құрамасының басты жетістігі ерлер арасындағы «Жауынгерлік қанат жаю» сайысында тіркелді. Отандастарымыз 24,52 секунд нәтижесін көрсетіп, алтын медаль жеңіп алды және жаңа әлемдік рекорд орнатты. Күміс жүлде Моңғолия құрамасына, қола жүлде Өзбекстан спортшыларына бұйырды.

Қазақстанның әйелдер құрамасы да осы сайыста 25,41 секунд нәтижесімен қола медаль иеленді. Алтын медаль Ресей құрамасына, күміс жүлде Беларусь спортшыларына бұйырды. Чемпионат қорытындысы бойынша Қазақстанның ерлер және әйелдер құрамалары жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болып, тек Ресей мен Беларусь командаларына жол берді. Елге жеңіспен оралған құтқарушыларды департамент өкілдері мен туған туыстары әуе айлағында ерекше ықыласпен күтіп алды.

– Бұл жеңістердің артында айлар бойғы тынымсыз дайындық, темірдей тәртіп, жоғары жылдамдық және нағыз командалық жұмыс тұр. Қазақ-стандық өрт сөндіруші-спортшылар әлемнің үздік командаларымен тең дәрежеде бәсекеге түсіп қана қоймай, жаңа спорттық рекорд орнатуға қабілетті екендіктерін дәлелдеді. Олар елге тарихи жетістікпен оралып, бүкіл Қазақстан мақтан тұтар жеңіске қол жеткізді, – деді Алматы қаласы ТЖД өкілдері.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫ

ЖАҢА ЗЕРТХАНА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алматыда тағы бір маңызды зертхана іске қосылды. Бұл орталық тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар мен ересектерге арналған жеке ортездер дайындайтын Қазақстандағы алғашқы мемлекеттік зертхана. Ол заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып, әр пациенттің анатомиялық ерекшеліктеріне сәйкес ортопедиялық бұйымдар әзірлейді. Оңалту қызметтерінің қолжетімділігін арттыру, балаларға қажетті көмекті ерте кезеңде көрсету және отандық ортездеу жүйесін дамытуды басты мақсат етеді.



Зертхананың Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың ұлттық ғылыми орталығының базасында ресми түрде ашылды. Ашылу рәсіміне ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, әлеуметтік қорғау және оңалту саласының мамандары қатысты.

– *Бұл жоба Мемлекет басшысының мүгедектігі бар адамдарға тең мүмкіндік жасау және қолжетімді оңалту жүйесін дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға байланысты бағытталып отыр. Қазақстандағы алғашқы мемлекеттік жеке ортездер зертханасының іске қосылуы оңалту қызметін дамытудағы маңызды қадамдардың бірі. Әсіресе, балаларға қажетті көмекті ерте кезеңде көрсету, болашақта туындауы мүмкін асқынулардың алдын алуға бағытталған,* – деді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев.

Жаңа ғылыми орталық ортезді әзірлеудің барлық кезеңі бір орталықта жүзеге асыра алатынымен ерекшеленеді. Мәселен, бұл пациентті алғашқы тексеруден өткізуден басталып, дененің қажетті бөлігін 3D-сканерлеу, цифрлық модель жасау, бұйымды жобалау, өндіру және дайын өнімді жеке өлшемге сәйкестендіруге дейінгі үдерісті қамтиды. Цифрлық технологияларды пайдалану әр пациенттің анатомиялық ерекшеліктерін ескеруге, бұйымның дәлдігін арттыруға және ортезді жеке қажеттілікке бейімдеуге мүмкіндік береді. Мамандар бұйымның дене өлшемдеріне сәйкестігін тексеріп, қажет болған жағдайда қосымша түзетулер енгізеді.

Бастапқы кезеңде зертханада табанға, тобық және тізе буындарына, сондай-ақ жоғарғы және төменгі аяқ-қолдарға арналған жеке ортездер дайындалады. Алдағы уақытта мүмкіндіктер кеңейген сайын өндірілетін бұйымдардың түрін көбейту жоспарланып отыр. Мемлекеттік зертхананың ашылуы ортездік көмекке мұқтаж отбасылар үшін де маңызды. Бұған дейін жеке өлшем бойынша ортез дайындау қызметінің құны кейбір азаматтар үшін қаржылық тұрғыдан қолжетімсіз болуы мүмкін еді. Мамандардың айтуынша, цифрлық модельдеу технологиясы ортез дайындау уақытын қысқартуға және өлшем алу кезіндегі қателіктерді азайтуға мүмкіндік береді. 3D-сканер арқылы алынған деректер пациенттің дене пішінін дәл қайталауға жағдай жасайды. Бұл дайын бұйымның қолайлылығын арттырып, оны бірнеше рет түзету қажеттілігін төмендетуге ықпал етеді.

Жаңа зертхананың жұмысы тек ортез өндірумен шектелмейді. Оның маңызды бағыттарының бірі – ортездеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан бағалау. Жұмыс барысында жиналған мәліметтерді технологияларды жетілдіруге, пациенттерді жеке сүйемелдеу сапасын арттыруға және сала мамандарына арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге пайдалану жоспарланып отыр. Осылайша зертхана өндірістік қызметпен қатар ғылыми-практикалық алаң ретінде де жұмыс істейді.

Мамандардың айтуынша, мемлекеттік зертхананың өндірістік қуатын кезең-кезеңімен арттыру да көзделген. Мәселен, жоспар бойынша 2026 жылы 500 жеке ортез, 2027 жылы 1000, ал 2028 жылы 1500 бұйым дайындау жоспарланып отыр. Бұл көрсеткіштер ортездік көмек алушылардың санын біртіндеп көбейтуге және қызметтің қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған.

Рая ЕСКЕНДІР.

ИННОВАЦИЯ

Еліміздегі алғашқы ерекше кешен

Біздегі №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында елімізде алғаш рет балаларға арналған 128 арналы бейне-ЭЭГ мониторингі кешені жұмыс істей бастады.



Жаңа жабдық эпилепсиялық ұстамалардың ошақтарын дәлірек анықтауға, нейрохирургиялық операцияларды жоспарлауға және еліміздің барлық өңіріндегі балаларға жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Кешен ауруханаға «Шеврон» компаниясының қолдауымен AYALA қайырымдылық қоры тарапынан табысталды.

Жүйе ми қызметінің электрлік белсенділігін ұзақ уақыт бойы тіркеп, бір мезгілде пациенттің бейнежазбасын жүргізуге мүмкіндік береді. Арналар санының көп болуы дәрігерлерге эпилепсиялық белсенділік ошақтарының орналасуын дәлірек анықтауға, эпилепсиялық ұстамаларды эпилепсиялық емес жағдайлардан ажыратуға және хирургиялық емдеу тактикасын таңдауға көмектеседі. Сонымен қатар, жабдық имплантацияланған электродтар арқылы мидың терең құрылымдарының белсенділігін бақылауға мүмкіндік береді.

Эпилепсиямен ауыратын кейбір пациенттерде дәрі-дәрмекпен емдеуге қарамастан ұстамалар жалғаса береді. Мұндай жағдай фармакорезистентті эпилепсия деп аталады. Бұл кезде хирургиялық емдеу әдістері қарастырылуы мүмкін. Атап айтқанда, эпилепсиялық белсенділік ошағын алып тастау немесе оны термиялық әдіспен жою жүргізіледі.

Бұған дейін бейне-ЭЭГ мониторингі клиникаға сынақ мерзіміне берілген жабдықтың көмегімен жүргізіліп келді. Енді ауруханаға өз кешенінің болуы мұндай зерттеулерді тұрақты негізде өткізуге мүмкіндік береді.

Алматылық нейрохирургтермен бірлескен операцияларды өткізу үшін практикалық шеберлік сабағы аясында Алматыға Берлиндегі Шарите университеттік клиникасының (Charité – Universitätsmedizin Berlin) балалар нейрохирургиясы бөлімінің жетекшісі, балалар нейрохирургиясы және эпилепсияны хирургиялық емдеу саласының маманы, профессор Ульрих-Вильгельм Томале келді. Практикалық шеберлік сабағы аясында фармакорезистентті ошақты эпилепсиямен ауыратын 12 жастағы балаға бірегей операция жасалды.

Науқаста екі жасынан бастап құрысу ұстамалары байқалған. Құрысуға қарсы препаратпен ұзақ уақыт емделгеніне қарамастан, ұстамалар тоқтамаған. Клиникалық жағдайдың күрделілігі мен бұған дейін жүргізілген тексеру нәтижелерін ескере отырып, миға терең электродтар имплантациялау арқылы стереоэлектроэнцефалография жүргізу туралы шешім қабылданды. Бұл әдіс мидың әртүрлі терең құрылымдарындағы электрлік белсенділікті тікелей тіркеуге, эпилепсиялық ошақтың орналасуын анықтауға, ұстамалардың пайда болу механизмін нақтылауға және олардың таралу жолдарын зерттеуге қолайлы.

«Біздің мамандар терең электродтарды имплантациялау әдісін меңгерген. Ал өз жабдығымыздың болуы осындай зерттеулер мен операцияларды тұрақты түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта бұл бағытты Қазақстан мен Орталық Азия елдеріне арналған эпилепсияны диагностикалау және хирургиялық емдеу жөніндегі референс-орталық деңгейіне дейін дамытуды жоспарлап отырмыз», – деді №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының директоры Марат Рабандияров.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға іші шыдатпай ауырған жас жігіт жеткізілген. Дәрігерлер тексере келе, асқазанынан тесілген ойық жара анықтаған.

Энергетикалық сусынның қаупі

«Асқазан қабырғасында тесік пайда болған. Осы тесік арқылы асқазанның ішіндегілер құрсақ қуысына өтіп, қабыну үдерісін туындатады. Мұндай жағдай шұғыл медициналық көмекті қажет етеді», – дейді аталған ауруханаңың хирургі Ілияс Сағиев.

Науқасқа дереу операция жасалып, асқазан қабырғасындағы тесік тігіліп, құрсақ қуысы тазартылды. Емдеуден кейін ер адамның жағдайы жақсарып, үйіне шығарылды. Дегенмен, әлі де хирургтің бақылауында болады. Ота жасалған жігіттің айтуынша, ол бірнеше ай бойы күніне 3-4 құты энергетикалық сусын ішкен.

Дәрігерлердің энергетикалық сусындарды көп мөлшерде тұтыну асқазан-ішек жолының жұмысына кері әсер етіп, қызыл мен жүрек айну сияқты белгілердің пайда болуына немесе күшеюіне әкелуі мүмкін екенін ескертеді. Әсіресе, асқазан ауруларымен, соның ішінде ойық жарамен ауыратын адамдар тамақтануына ерекше көңіл бөлгені жөн.

«Бұл науқаста ойық жараның тесілуіне энергетикалық сусындар себеп болды деп нақты айтуға болмайды. Алайда, аталған сусынды көп мөлшерде ішпеген абзал, әсіресе, асқазан аурулары болған жағдайда», – деді Ілияс Сағиев.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

ҚАРМАҚҚА ІЛІНГЕН КАРТА

Дропперлікпен қалай күресеміз?

Бөтеннің банк картасы арқылы ақша аударып, комиссия алу оңай табыс сияқты көрінгенімен, бұл дропперлікке және интернет-алаяқтыққа қатысы болуы мүмкін. Елімізде мұндай әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Осыған байланысты Алматыда жастардың құқықтық және қаржылық сауатын арттыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.



Қазір жұмыс іздеу мен қосымша табыс табудың едәуір бөлігі интернетке ауысты. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде тәжірибесіз-ақ ақша табуға, аз уақыт жұмсап, жоғары табыс алуға уәде беретін ұсыныстар да жетерлік. Бірақ олардың арасында азаматтарды қылмыстық схемаға тартуға бағытталған хабарландырулар да кездеседі.

Осындай тәсілдердің бірі – дропперлік. Алаяқтар басқа адамдардың банк шоттарын пайдаланып, қитұрқы жолмен алынған қаражатты аударуға немесе қолма-қол ақшаға айналдыруға тырысады. Ал шотын берген адам бұл әрекеттің салдарын толық түсінбеуі мүмкін. Алматы үшін бұл мәселе ерекше назар аударуды қажет етеді. Өйткені, қалада жастардың едәуір бөлігі жоғары оқу орындарында білім алып жатса, енді бірі жұмыс істеп, қосымша табыс тауып жүр. Осындай жағдайда қаржылық қауіпсіздік туралы ақпаратты қолжетімді ету және күмәнді ұсыныстарды ажырата білуге үйрету маңызды.

Бір шоттың шырмауы

Дроппер – өз банк шотын, төлем картасын немесе басқа да төлем құралдарын үшінші тұлғалардың пайдалануына беретін не олардың мүддесі үшін ақша аударымдарын жүзеге асыратын адам. Қылмыстық схемаларда мұндай адамдар алаяқтар мен заңсыз алынған қаражаттың арасындағы делдалға айналуы мүмкін. Мысалы, азаматқа әлеуметтік желі арқылы «ақша аударымдарын қабылдаушы оператор» ретінде жұмыс істеу ұсынылады. Ол өз шотына түскен қаражатты басқа есепшотқа жіберіп, белгіленген пайызын сыйақы ретінде алып отырады. Бірақ ақша интернет-алаяқтықтан зардап шеккен адамдарға тиесілі болуы ықтимал.

Алаяқтар қаражатты бірнеше шоттан өткізу арқылы оның бастапқы көзін жасыруға тырысады. Сондықтан мұндай әрекетке қатысқан адам өзін жәй ғана делдал санаса да, құқық қорғау органдары оның операцияларын тексеруі мүмкін.

Қазақстан Ұлттық Банкі 2025 жылы жариялаған ескертуінде алаяқтардың жастар мен зейнеткерлерді әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы тартатынын хабарлаған. Олар азаматтарға ақша үшін банк картасын ашуды, карта деректерін беруді немесе мобильді банкингке қолжетімділікті ұсынуды сұрайды. Демек, бұл жерде мәселе тек ақшадан айырылуда емес. Азаматтың жеке деректері заңсыз операцияларға пайдаланылып, өзі құқықтық жауапкершілікке тап болуы мүмкін.

Статистикадан нені аңғарамыз?

Дропперлікке қарсы күрес Қазақстанда құқықтық деңгейде күшейтілді. 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қылмыстық кодекске 232-1-бап енгізіліп, банк шотына, төлем немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз беру, алу және заңсыз ақша аударымдарын жүзеге асыру үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді.

Бас прокуратураның 2026 жылғы 29 маусымдағы мәліметіне сәйкес, осы бап күшіне енгеннен бері елде 700-ден астам қылмыстық іс тіркелген. Сонымен қатар, кейінгі бес айда дропперлердің көмегімен азаматтардан алаяқтық жолмен жымқырылған шамамен, 400 миллион теңге қолма-қол ақшаға айналдырылған. Бұл көрсеткіштер дропперліктің тек күмәнді жұмыс ұсынысы емес, интернет-алаяқтықтың қаржылық тізбегінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Заңнамада әрекеттің сипатына қарай айыппұлдан бастап, мүлкін тәркілеумен бірге жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Нақты жауапкершілік істің мән-жайына және заңда белгіленген талаптарға байланысты анықталады. Дегенмен, мәселені тек жаза тұрғысынан қарастыру жеткіліксіз. Қылмыстық схемаға азаматтарды тартуға жол бермеу, күмәнді ұсыныстарды ерте анықтау және халықтың құқықтық сауатын арттыру да өзекті.

Қалада құқықбұзушылықтың алдын алу және жастардың құқықтық сауатын көтеру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасының 2026 жылғы 15 қазанда жарияланған мәліметіне сәйкес, жыл басынан бері қалада жастардың құқықтық сауатын арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 260-тан астам іс-шара өткізілген. Оларға 30 мыңнан астам жас пен 500-ден астам оқытушы қатысқан.

Іс-шаралар барысында интернет-алаяқтыққа, есірткі қылмысына, буллингке және заңсыз қаржылық схемаларға қарсы іс-қимыл мәселелері қарастырылған. Қалада 14 пен 35 жас аралығындағы шамамен, 770 мың жас тұратынын ескерсек, мұндай түсіндіру жұмыстарының ауқымын одан әрі кеңейту маңызды. Бұл жерде басты назар – құқықбұзушылықты анықтаумен ғана шектелмей, оның алдын алуға аударылуы. Жастарға заң талаптарын түсіндіру, күмәнді әрекеттердің салдарын көрсету және цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру осы жұмыстың маңызды бөлігіне айналып отыр.

Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы Айдын Қабдұлдиновтың мәліметінше, өткен жылы қалада интернет-алаяқтықтың 2 мыңнан астам дерегі тіркелген. Киберқылмыспен күресті күшейту мақсатында мамандандырылған бөлімше құрылып, қызметкерлер цифрлық құралдарды меңгеру және жаңа алаяқтық схемаларын алдын ала анықтау бағытында жұмыс жүргізіп келеді.



«Бүгінде жұмыстың сапалық тұрғыдан жаңа деңгейіне көшіп отырмыз. Бөлімше қызметкерлері біліктілігін үнемі арттырып, заманауи цифрлық құралдарды меңгеріп, жаңа алаяқтық схемаларын алдын ала анықтауға күш салып жатыр. Киберқылмыс көбіне трансұлттық сипатқа ие болғандықтан, мемлекеттік органдармен қатар халықаралық серіктестермен де өзара іс-қимыл орнаттық. Бұл қауіп-қатерлерге жедел әрекет етуге және қылмыстық схемалардың жолын кесуге мүмкіндік береді», – деді Айдын Қабдұлдинов.

Оның айтуынша, полиция екінші деңгейлі банктермен бірлесіп жұмыс істейді. Мұндай өзара іс-қимыл күмәнді операцияларды дер кезінде анықтауға, шоттарды бұғаттауға және ақшаның ұрлануына жол бермеуге көмектеседі. Нәтижесінде киберқылмысқа қарсы бөлімше ақпараттандыру және байланыс саласында 300-ден астам қылмыстық құқық бұзушылықты ашқан.

Сонымен қатар, алаяқтық мақсатта пайдаланылған 17 мыңнан астам интернет-ресурс бұғатталған. Полиция қызметкерлері кеңседе жұмыс істеген алаяқтық байланыс орталығын жойып, банк шоттарына қол жеткізу деректерін заңсыз айналымға енгізу фактілерін де анықтаған.

Алдын алу үшін не істеу керек?

Біріншіден, банк картасын, PIN-кодты, CVV/CVC деректерін, мобильді банкингтің құпиясөзін және бір реттік SMS-кодтарды бөгде адамға беруге болмайды.

Екіншіден, «ақша аударғаныңыз үшін комиссия аласыз» немесе «шотыңызды уақытша пайдалануға берсеңіз жеткілікті» деген ұсыныстарға сақтықпен қарағаны жөн. Жұмыс берушінің кім екенін, компанияның заңды қызметін және ұсынылатын міндеттердің мазмұнын тексеру қажет.

Үшіншіден, егер банк шотына белгісіз адамнан ақша түсіп, оны басқа есепшотқа аудару сұралса, қаражатты өз бетінше әрі қарай жібермей, банкке хабарласқан дұрыс. Күмәнді хабарламалар мен аударымдардың түбіртектерін сақтап, қажет болса, құқық қорғау органдарына жүгіну керек. Егер азамат өз шотын бұрын бөгде адамға бергенін немесе оның заңсыз операцияларға пайдаланылғанын байқаса, банкке дереу хабарлап, шотқа қолжетімділікті қорғау шараларын қабылдауы қажет. Құқық қорғау органдарына өз еркімен хабарлау және тергеуге көмектесу мәселесінде заңда көзделген шарттарды да ескерген жөн.

Алматы қаласы Медеу ауданы прокуратурасы бөлімінің бастығы Данияр Турдалиннің айтуынша, тәжірибеде дропперлікке қатысы бар адамдардың «заңсыз әрекетке қатысқанымды білмедім» немесе «мені алдап кетті» деген уәждері жиі кездеседі. Алайда, заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды.



«Егер адам банк картасын, шотын немесе оған қол жеткізу деректерін үшінші тұлғаларға беріп, сол арқылы қылмыстық жолмен алынған ақша өткізілсе, бұл құқыққа қайшы әрекетке қатысу ретінде қарастырылады. Дегенмен, тергеу мен сот әр істің мән-жайын жеке бағалайды. Адамның қасақана әрекет еткені, қандай да бір пайда алғаны немесе шынымен алданғаны ескеріледі. Алдау фактісі жауапкершілікті жеңілдететін мән-жай ретінде қарастырылуы мүмкін, бірақ көп жағдайда жауапкершіліктен толық босатпайды», – дейді Данияр Турдалин.

Прокуратура өкілі дропперлікке тартудың бірнеше белгісіне назар аударды. Атап айтқанда, банк картасын рәсімдеп, оны басқа адамға пайдалануға беру ұсынылса, банк деректеріне қол жеткізгені үшін ақы төлеуге уәде етілсе, жұмыс берушімен байланыс тек мессенджер арқылы жүргізіліп, шешім қабылдауға асықтырса, мұндай ұсыныстарға күмәнмен қараған жөн.

Дропперлікке қарсы күрестің нәтижесі тек тіркелген істердің немесе жауапқа тартылған адамдардың санымен өлшенбейді. Азаматтардың күмәнді ұсыныстарды тани білуі, жеке деректерін қорғауы және қаржылық операцияларға жауапкершілікпен қарауы да маңызды көрсеткіш болуы керек.

Дана САДЫРҚАН.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2027 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2027 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2026 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 948 73 78 немесе almatyaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 100 (Сейфуллин көшесінің бұрышы).

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.



2027 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10499,64 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7859,64 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 248-49-55, 8 707 948 73 78.

«АДАЛ АЗАМАТ»

ӘДІЛДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

мемлекеттік қызметтің беделін арттырады



Мемлекеттік қызметтің сапасы кәсіби білім мен біліктілікке ғана емес, қызметшінің адалдығы, жауапкершілігі және қызметтік әдеп нормаларын сақтауына да байланысты. Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімі де осы құндылықтармен тығыз байланысты. Осы бағытта адалдық мәдениетін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттырудың маңызы зор.

Алматы қаласында «ADALDYQ CUP» зияткерлік-командалық викторинасы өткен болатын. Іс-шара Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының жобасы аясында «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қорының Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментімен бірлесіп ұйымдастыруымен өткізілді.

Викторинаға Алматы қаласының алты мемлекеттік органынан құралған командалар қатысты. Қатысушылар заңнама мен қызметтік әдеп нормалары бойынша білімдерін сынап қана қоймай, логикалық ойлау, тапқырлық, шапшаңдық және командалық жұмыс қабілеттерін көрсетті.

Зияткерлік сайыс төрт кезеңнен тұрды: «Біздің қызмет – біздің адалдығымыз», «Жылдам ойла», «Адалдық таразысы» және «Капитандар шайқасы». Әр кезең қатысушылардың түрлі қабілетін анықтауға бағытталды.

Алғашқы кезеңде мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары мен адалдық құндылықтарына қатысты сұрақтар қойылды. «Жылдам ойла» кезеңінде командалардың шапшаңдығы мен логикалық ойлау қабілеті сыналды. Ал «Адалдық таразысында» қатысушылар қызмет барысында кездесуі мүмкін практикалық жағдайларды талдап, қызметтік әдеп пен мүдделер қақтығысына қатысты шешімдер қабылдады. Соңғы «Капитандар шайқасында» командалардың көшбасшылары өз білімдері мен тапқырлықтарын ортаға салды.

Викторинада мүдделер қақтығысының алдын алу мәселесіне де ерекше назар аударылды. Мүдделер қақтығысы – мемлекеттік қызметшінің жеке мүддесі оның қызметтік міндеттерін объективті орындауына әсер етуі мүмкін жағдай. Сондықтан мұндай тәуекелдерді дер кезінде анықтап, заң талаптарына сәйкес әрекет ету мемлекеттік қызметшінің маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Сонымен қатар, сайыс барысында қызметтік әдептің маңызы да кеңінен көрініс тапты. Қызметтік әдеп – тек белгіленген ережелерді сақтау емес, азаматтарға құрметпен қарау, әріптестермен дұрыс қарым-қатынас орнату, әділдік пен жауапкершілікті ұстану мәдениеті. Мұндай қасиеттер мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға және қоғам сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Сайыс қорытындысы бойынша 1-орын – Қазынашылық департаментіне; 2-орын – Әділет департаментіне; 3-орын – Алатау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы мамандарына берілді.

Мұндай іс-шаралардың маңызы – адалдық пен жауапкершілік ұғымдарын тек теория жүзінде түсіндірумен шектелмей, оларды нақты қызметтік жағдайлар арқылы көрсетуінде. Өйткені, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ең алдымен әр адамның жеке ұстанымынан басталады.

Адалдық, ашықтық және жауапкершілік – халық сеніміне негізделген тиімді мемлекеттік қызметтің басты құндылықтары. «ADALDYQ CUP» осы құндылықтарды дәріптеп, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және адамгершілік жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды бастама болды.

М.ЖАБАЕВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы.

ALMATY AQPARAT

Бас директордың міндетін уақытша атқарушы
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕККЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Қалада «Жасыл ел – 2026» жастар еңбек жасақтарының XXII еңбек маусымы аяқталды. ALT University-де өткен салтанатты іс-шарада маусым бойы белсенділік танытқан жастар марапатталып, мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Биыл жоба аясында 2100 жас уақытша жұмыспен қамтылып, қала аумағында 2500 ағаш пен көшет отырғызылды. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында жүзеге асырылды. Оның негізгі мақсаты – жастарды маусымдық жұмыспен қамту, еңбек дағдыларын қалыптастыру және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға баулу.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбек биылғы маусымның нәтижелеріне тоқталып, жастардың қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға қосқан үлесін атап өтті.

– Маусым барысында 5 гектарға жуық аумақ тазартылып, 2 тонна қоқыс шығарылды. 25 сенбілік пен 70 экологиялық акция өткізіліп, 2500 ағаш пен көшет отырғызылды. Жастар Аюсай және Кімасар шатқалдарында, Тереңқұрда, Есентай өзенінің жағалауында және қаланың қоғамдық кеңістіктерінде абаттандыру жұмыстарына қатысты. Сондай-ақ, Көкжайлау аумағында 2 мыңға жуық шырша отырғызу акциясына атсалысты, – деді Азиз Қажденбек.

Мамырдан қазанға дейін еңбек еткен жастар қалалық және аудандық деңгейдегі экологиялық бастамаларда белсенділік танытты. Атап айтқанда, 19 қыркүйекте Дүниежүзілік тазалық күніне орай ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке және 9 қазанда Көкжайлау аумағында өткен шырша отырғызу акциясына қатысты.

Жастардың қоғамдық белсенділігі экологиялық жұмыстармен ғана шектелмеді. «Жасыл ел» жобасының үйлестірушісі Батырхан Жамит еңбек маусымы бойы жастар әр апта сайын ұйымдастырылған сенбіліктерге қатысып, әлеуметтік бағыттағы бастамаларды да жүзеге асырғанын айтты. Еңбек жасақтарының мүшелері қарттар мен балалар үйлеріне барып, қайырымдылық шараларына да атсалысқан.

Еңбек маусымының жабылу рәсімінде қаланың көркеюіне үлес қосқан жастарға алғыс айтылып, бірқатар қатысушы түрлі номинация бойынша марапатталды. Атап айтқанда, «Үздік көшбасшы», «Үздік жасақ жетекшісі», «Үздік командалық жұмыс», «Үздік еңбек көрсеткіші», «Маусым мақтанышы», «Үздік әлеуметтік бастама», «Экологиялық жауапкершілік», «Қоршаған орта қамқоршысы» номинациялары табысталды.

Осылайша «Жасыл ел» маусымы жастардың еңбекке араласуына ғана емес, туған қаласына жанашырлықпен, ал қоғамдық іске жауапкершілікпен қарауына мүмкіндік беретін маңызды алаң екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.

SUPER LIGA

JAIDARMAN
күлкінің көрігін қыздырды

Күлкі – көрерменге жеткенше талай еңбектен өтеді. Бірнеше минуттық қойылымның артында ұзақ дайындық, ұтымды сценарий, сахналық ізденіс пен командалық жұмыс жатыр. Мұны 6 қараша күні өткен республикалық SUPER LIGA Жайдарман ойындарының финалында тағы бір мәрте аңғардық.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, «Қазақстан КВН Одағы» РЖҚБ ұйымдастырған кешке Алматы, Шымкент, Семей қалалары мен Алматы облысынан бес команда қатысты. Сахнада бас жүлдеге «Тұздыбастау» (Алматы облысы), «Дилигент» (Алматы қ.), «Мадмуазель» (Шымкент), «Смарт» (Семей) және «SU» (Алматы қ.) командалары бақ сынады. Олар маусым чемпионы атану үшін «Сәлемдесу», «Биатлон» және «Жұлдызды үй тапсырмасы» кезеңдерінде өнер көрсетті.

Залға жиналған көрерменнің көңіл күйі бірден сезілді. Әсіресе, командалар сахнаға шыққанда залдың қошеметі күшейіп, әр сәтті әзілге ду күлкі мен қол шапалақтау ұласып жатты. Кеш қонақтарының қатарында «Жайдарман» қозғалысының негізін қалаушылардың бірі Есен Елеукен болды. Ол финалға шыққан командаларға сәттілік тілеп, ойын барысын тамашалады. Сондай-ақ, кешке Мансар Орынхан, Қажет Смағұл, Алматы қаласындағы «Жайдарман» филиалының директоры Оңдасын Дінмұхамбетұлы және басқа да танымал тұлғалар қатысты.

Бұл кештің тағы бір мәні – «Жайдарманның» бүгінгі жетістігіне ғана емес, оның қалыптасу жолына да назар аударуында. Оңдасын Дінмұхамбетұлы қатысушыларға ақ тілегін арнап, Алматыдағы «Жайдарман» лигасының он жылдық тарихынан естеліктерін бөлісті. Оның әлеуметтік желідегі жазбасына сүйенсек, 2016 жылы Есен Елеукен оған Алматы қаласындағы филиалдың директоры болуды ұсынған. Ол бұл ұсынысты үлкен сенім әрі жауапкершілік ретінде қабылдаған.

– «Міне, содан бері 10 жыл өтіпті! Осы он жылдың ішінде Алматы қаласындағы жергілікті лиганы қалыптастырып, оны республикалық деңгейдегі үлкен додаға айналдыру жолында қаншама адам еңбек етті. Бұл жол әрдайым жеңіл болған жоқ. Қиындықтар да кездесті, қуанышты сәттер де аз болмады. Бірақ бәрінен бұрын бізді алға жетелеген ортақ мақсат пен «Жайдарманға» деген махаббат еді», – деп жазды ол.

Сондай-ақ, филиал директоры осы уақыт аралығында бірге еңбек еткен, қолдау білдірген, сенім артқан жандардың еңбегін ерекше атап өтті. Оның сөзінше, көрерменге ұсынылатын әр қойылымның артында көпшілік байқай бермейтін үлкен жұмыс бар. Осылайша SUPER LIGA финалы жастардың шығармашылық қабілеті мен сахналық шеберлігін танытқан жарқын кешке айналды.

Аяжан СЕРІККЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.





ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ
€ EUR/KZT 499,54 теңге
$ USD/KZT 447,14 теңге
₽ RUB/KZT 5,46 теңге
¥ CNY/KZT 67,03 теңге